

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
Электр энергетика және электртехника институты



«Келісілді»

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
Бас инженердің орынбасары
_____ Н.К. Адильбеков
«___» _____ 2019ж.



«Бекітемін»

АЭЖБУ ректоры
_____ С. Сагинтаева
«___» _____ 2019ж

«6В07102 Электр энергетикасында энергия үнемділігін және энергия тиімділігін Smart технологиясымен біріктіру және басқару»
ЖОО компонентінің пәндері және элективті пәндер каталогы

Білім беру саласы (13.10.2018ж. классификатор бойынша): 6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Дайындық бағыты (13.10.2018ж. классификатор бойынша): 6В071 - Инженерия және инженерлік іс бағыты

Оқу мерзімі - 4 жыл

Берілетін дәреже - техника және технологиялар бакалавры

Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес біліктілік деңгейі: 6 деңгей.

Алматы 2019 ж.

**6В07102 - ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНДА ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДІЛІГІН ЖӘНЕ
ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН SMART ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН БІРІКТІРУ ЖӘНЕ
БАСҚАРУ**
(таңдау бойынша)
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР

№ п/п	Циклы	Пәннің коды	Пән атауы	Семестр	Кредиттер саны
2 курс					
1	БП (ТК)	2206	Цифрлық басқарылатын жүйенің логикалық негіздері	3	5
		2206	Цифрлық басқарылатын жүйенің математикалық негіздері		
2	КП (ТК)	2301	Энергетикалық қондырғылардағы қауіпсіздік техникасы	3	4
		2301	Электр қауіпсіздік		
3	БП (ТК)	2219	Автоматты басқару теориясы	4	4
		2219	Автоматты басқару жүйесі		
4	БП (ТК)	2221	Электртехникалық материалдар және бұйымдар	4	5
		2221	Электртехникалық материалтану		
5	БП (ТК)	2217	Электр тізбектердің және электр өрісін талдау	4	3
		2217	Сызықты емес тізбектерді және электр өрісінің теориясы		
6	КП (ТК)	2304	Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану	4	3
		2304	Альтернативті энергетика және энергия үнемдеуші технологиялар		

ЦИФРЛЫҚ БАСҚАРЫЛАТЫН ЖҮЙЕНІҢ ЛОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қайта деректемелер: Сандық техника негіздері (Микропроцессорлы техника негіздері).

Оқытудың мақсаты: студенттердің логика алгебрасының функцияларын және негізгі заңдарын, негізгі логикалық элементтердің сипаттамаларын, логикалық операцияларды өткізудің қағидаларын меңгеру, логикалық схемаларды құру, оңтайландыру және оларды іске асыру құралдарымен танысу.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): бульдік алгебра түрінде өрнектерді жазу формасы; логика алгебрасының негізгі заңдары мен функциялары; логика алгебрасы мен екілік кодтау; қарапайым логикалық операцияларды құру; дизъюнкция, конъюнкция мен инверсия; нақты кестелер, электрондық кестелер, шартты белгілер, сұлбамен жүзеге асыру; триггерлер, санауыштар, қосындылар және олардың түрлері; логикалық сұлбалар мен операцияларды талдау мен синтездеу.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек – бульдік алгебраның негізгі заңдары мен функцияларын және аспаптық әдістерін іске асыруды;

істей алу керек - логикалық операцияларды жүргізуді, талдауды және логикалық сұлбалар мен операцияларды синтездеуді;

дағдылары - логикалық айнымалылардың және логикалық операциялардың көмегімен реле сұлбаларын оқу және құрастыру, сандық сұлбалардың логикалық элементтерін таңдау.

күзіреттер - қарапайым логикалық сандық сұлбаларды жобалай алу қажет.

Кафедра: Электр машиналары және электр жетегі

ЦИФРЛЫҚ БАСҚАРЫЛАТЫН ЖҮЙЕНІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Кейінгі деректемелер: Сандық техника негіздері (Микропроцессорлы техника негіздері).

Оқытудың мақсаты: студенттердің логика алгебрасының функцияларын және негізгі заңдарын, негізгі логикалық элементтердің сипаттамаларын, логикалық операцияларды өткізудің қағидаларын меңгеру, логикалық схемаларды құру, оңтайландыру және оларды іске асыру құралдарымен танысу.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): сандары әртүрлі санау жүйелерінде көрсету; алгебра өрнектерін жазу формасы; логика алгебрасының негізгі заңдары мен функциялары; қарапайым логикалық операциялар; пікірлерді логикалық айнымалылар мен таңбалардың көмегімен заңдастыру; нақты кестелер, электрондық кестелер, шартты белгілер, сұлбамен жүзеге асыру; логикалық сұлбалар мен операцияларды талдау мен синтездеу.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек – бульдік алгебраның негізгі заңдары мен функцияларын, негізгі логикалық элементтерді және олардың сипаттамаларын;

істей алуы керек - логикалық операцияларды жүргізуді, талдауды және логикалық сұлбалар мен операцияларды синтездеуді;

дағдылары – қосып-ажырату сұлбаларын оқу және құрастыру, сандық сұлбалардың логикалық элементтерін таңдау.

күзіреттер - берілген пән бойынша алған білімін қажетті мақсаттарды шешуге қолдана алу.

Кафедра: Электр машиналары және электр жетегі.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАРДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Физика 1, Экологиялық және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі.

Кейінгі деректемелер: Электртехниканың теориялық негіздері (II), Электрмен жабдықтау, Электр энергетикалық жүйелердің релелік қорғанысың негіздері, (Релелік қорғаныстың элементтік базасы).

Оқытудың мақсаты: студенттерге кәсіби міндеттерін орындау үшін, өздеріне сеніп тапсырылған жұмыс орнында салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын құру бойынша орындауға қажетті теориялық білім және тәжірибелік дағдыларды беру.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): адамның тіршілік үрдісінде денсаулығын сақтау мен жұмыс қабілеттілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, гигиеналық және емдеу-профилактикалық іс-шаралар мен құралдар жүйесінің, тиісті заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер негізінде әрекет ететін, өндірістік қауіпсіздігін ұйымдастыру және басқару.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы талаптарға сәйкес, энергетикалық кәсіпорындардың цехтарының құрылымын;

істей алу керек - өндірістік жарақаттану және кәсіби ауруды болдырмайтын, жаңа техника мен технологияларды құрастыруға байланысты мәселені шешу;

дағдылары: оңтайлы еңбек жағдайларын жасау, жабдықтарды ұтымды орналастыру;

күзiреттер - еңбек жағдайларына талаптар қоя білу.

Кафедра: Электрмен жабдықтау және энергияның жаңғыртылатын көздері.

ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІК

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Физика 1, Экологиялық және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі.

Кейінгі деректемелер: Электртехниканың теориялық негіздері (II), Электрмен жабдықтау, Электр энергетикалық жүйелердің релелік қорғанысың негіздері, (Релелік қорғаныстың элементтік базасы).

Оқытудың мақсаты: электр қауіпсіздік негіздері туралы білім алу; өндірістік электр жарақатының, электр қондырғыларындағы және электр желілеріндегі өрттердің және зақымданулардың алдын алу бойынша, сондай-ақ, оларды монтаждау және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін үйрену.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): қауіпсіздік техникасы облысындағы заңнама туралы негізгі мәліметтер, жалпы өнеркәсіптік және ерекше кәсіпорындардағы электр жарақатының себептері және күйі, жалпы мақсаттағы электр қондырғыларында электр қауіпсіздігінің негізгі қорғаныс шаралары мен құралдары, электр қондырғыларын қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыру негіздері, электр техникалық мамандарға қойылатын негізгі талаптар мен электр жарақаты кезіндегі алғашқы көмек шаралары, тиісті заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер негізінде әрекет ететін, өндірістік қауіпсіздігін ұйымдастыру және басқару.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек – қолданыстағы электр қондырғыларында қызмет көрсететін мамандарға қойылатын талаптар; электр жарақаты кезіндегі алғашқы көмек ережелерін; қолданыстағы электр қондырғыларында жұмыс кезіндегі төртінші топ көлемінде рұқсат етілген техника қауіпсіздігі ережелерін; қорғаныс құралдарын сынау ережелерін.

істей алу керек - қорғаныс құралдарын сынау; электр тоғының әсерінен жарақат алу кезіндегі алғашқы көмек көрсету және жасанды тыныс алу мен жанама жүрек массажын өткізу; электр тоғы әсерінен құтқару; қолданыстағы электр қондырғыларында жұмыс істеу үшін наряд-рұқсатты дұрыс толтыру; электр энергетикасы объектілерінде жұмыс орындарын дайындау кезінде қолданыстағы электр қондырғыларында ұйымдастыру және техникалық шараларды орындау.

дағдылары: электр тоғының әсерінен жарақат алу кезіндегі алғашқы көмек көрсету және жасанды тыныс алу мен жанама жүрек массажын өткізу; оқшаулама кедергісін өлшеу және электр қондырғыларының ток өткізгіш бөліктерінің оқшауламасының жағдайын талдау.

күзiреттер – өндірістік мамандар мен халықты әр түрлі апаттармен, зілзалалардың әсерінен қорғаудың негіздері мен электр тоғының әсерінен қорғаныстың негізгі әдістерін білу.

Кафедра: Электрмен жабдықтау және энергияның жаңғыртылатын көздері.

ЭЛЕКТРТЕХНИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ БҰЙЫМДАР

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Электр аппараттары және өлшеу құралдары (Коммутациялық аппараттар және электр шамаларын өлшеу), Электр машиналары, Электр стансалар, (Электр стансалардағы негізгі және қосымша қондырғылары), Электр тораптары мен жүйелері, (Электр энергияны жеткізу), Электрмен жабдықтау.

Оқытудың мақсаты: өткізгіштердің, жартылай өткізгіштердің және диэлектриктердің электрлік, механикалық және т.б. қасиеттерін оқу, сонымен қатар оларды қолдану салалары мен ерекшеліктерін білу.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): Электрондық техникада, энергия жүйелерінде, электр жабдықтарда қолданылатын материалдар мен бұйымдар тексерісі негізіндегі теориялық ұсыныстар. Электр техникалық материалдар мен бұйымдардың орындалуы, құрамы мен құрылысы бойынша топтастырылуы. Электр техниканың түрлі салаларында қолдану үшін арналған материалдардың жарамдылығы бағаланатын негізгі сипаттамалар. Электр техникалық материалдарды өндіру технологиясының негізгі ерекшеліктері. Тәжірибеде электртехникалық материалдар мен бұйымдарды қолданудағы сипатты техникалық және экономикалық салалар.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - өндіру мен пайдалану кезіндегі материалдарда жүретін құбылыстардың физикалық мағынасын, олардың қасиетімен өзара байланысын, заманауи электртехникалық материалдардың негізгі қасиетін.

істей алу керек - әртүрлі қолдану фактілердің әсерінен материалдардың жағдайын бағалауды, ЕГЖ есептеуде физикалық қасиетінің берілген шартына сәйкес материалды тандауды.

дағдылары - интернет ғаламторынан алған ақпараттарды, техникалық және оқу әдебиеттерін қолдану, аспаптармен жұмыс; өлшеу мен есептеулерді жүргізу, алынған есептеулер нәтижелерін талдау мен қорғау.

күзiреттер - түрлі электртехникалық материалдар мен бұйымдардың техникалық мінездемелерін білу;

Кафедра: Электр станциялары және электр энергетикалық жүйелері

ЭЛЕКТРТЕХНИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛТАНУ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Электр аппараттары және өлшеу құралдары (Коммутациялық аппараттар және электр шамаларын өлшеу), Электр машиналары, Электр стансалар, (Электр стансалардағы негізгі және қосымша қондырғылары), Электр тораптары мен жүйелері, (Электр энергияны жеткізу), Электрмен жабдықтау.

Оқытудың мақсаты: диэлектриктердің, өткізгіштердің, жартылай өткізгіштердің электрлік, механикалық және т.б. қасиеттерін, сонымен қатар ерекшеліктері мен қолдану саласымен танысу, оқшауламалардың негізгі ескіру механизмін оқып білу.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): Электрлік өріс әсер еткенде диэлектриктерде кездесетін негізгі физикалық құбылыстар: поляризация, электр өткізгіштігі, диэлектрлік шығындар және оқшаулаудың тесілуі. Аралас диэлектриктердегі процестерді талдау. Электр оқшаулағыш материалдардың физикалық қасиеттері. Оқшаулама ескіруінің негізгі механизмдері және олардың қызмет ету мерзіміне әсері. Ең көп таралған оқшаулама құрылымдары үшін диэлектриктерді қолдану.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - ғылымның, техника мен технологияның дамуындағы электр техникалық материалдардың орны мен ролін; құрамы, қасиеті мен техникалық орындалуы бойынша электр техникалық материалдардың топтастырылуын; әртүрлі аспаптарда қолдануда өткізгіштік, жартылай өткізгіштік, диэлектрлік және магниттік материалдарда жүретін процестердің физикалық қасиетін; заманауи электрондық аспаптарда қолданылатын электр техникалық материалдардың негізгі пайдалану сипаттамаларын.

істей алу керек - электр магниттік өрістердің әсерінен материалда жүретін негізгі физикалық қасиеттерді, материалдардың қасиетін, өндіру технологиясын бағалауды.

дағдылары – заманауи электротехникаға арналған материалдардың жоғары сапасын қамтамасыз ету, оқу-техникалық әдебиетті қолданудың пайда болған мәселелерін

сәтті шешуге мүмкіндік беретін материалдарды дұрыс таңдау; Интернеттен алынған ақпараттық материалдар; құрылғылармен жұмыс істеу; өлшеулер мен есептеулерді жүргізу, туындаған мәселелерді шешу; алынған нәтижелерді түсіну, талдау және қорғау.

күзіреттер - электр техникалық материалдардың классификациясын, қолдану аймағын және қасиеттерін білу.

Кафедра: Электр станциялары және электр энергетикалық жүйелері

АВТОМАТТЫ БАСҚАРУ ТЕОРИЯСЫ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II), Физика 1.

Кейінгі деректемелер: Электр аппараттары және өлшеу құралдары (Коммутациялық аппараттар және электр шамаларын өлшеу), Жоғары кернеулер техникасы, (Жоғарғы кернеулі электр қондырғылар және электр жабдықтар оқшаулауламалары), Электр машиналары, Электр стансалары, (Электр стансалардағы негізгі және қосымша қондырғылары), Электр тораптары мен жүйелері, (Электр энергияны жеткізу), Электрмен жабдықтау, Электр энергетикалық жүйелердің релелік қорғанысының негіздері, (Релелік қорғаныстың элементтік базасы).

Оқытудың мақсаты: автоматты басқару теориясының негізгі заңдарын оқу, уақыттық және жиілікті аумағында автоматты басқару жүйесінің синтезін және әдістерін оқу, сызықты жүйелердің тұрақтылығын талдау әдістерін, басқару сапасын бағалау, автоматты басқарудың сызықты емес жүйесін талдау әдістерін оқу.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): автоматты басқару жүйесін құрудың негізгі принциптерін, уақыт және жиілік аумағында автоматты басқарудың сызықтық жүйесін талдау әдістерін, сызықтық жүйенің тұрақтылығын талдау әдістерін, басқару мен реттеу процестерінің сапасын бағалау әдістерін меңгеру.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - терминологияны, автоматты басқару теориясының негізгі анықтамаларын; автоматты басқару жүйелерінің негізгі принциптерін; типтік динамикалық сілтемелерді негізгі сипаттамаларын; автоматты басқару жүйелерін талдау әдістерін; автоматты басқару жүйелерінің сипаттамасы әдістерін; электр энергиясын автоматты басқару теориясының орны мен рөлін.

істей алу керек - практикалық мақсаттар үшін басқару жүйелерін талдау әдістерін қолдану; жүйе элементтерінің табыстама функциясын және құрылымдық сұлбасын құру; эксперименттік және есептік жолмен элементтердің параметрлерін анықтау; эксперименттік деректерді теориялық шарттармен салыстыру; жүйелердегі басқару процесінің сапасын және тұрақтылығын бағалау; MATLAB ортасында модельдеу; түзеткіш құрылғылардың параметрлерін есептеу; жүйе үшін қалаулы логарифмдік жиілікті сипаттамаларын құру.

дағдылары - қазіргі бағдарламалық құралдарды қолдана отырып, уақыт және жиілік аумағында автоматты басқару жүйесін аналитикалық талдау; MATLAB ортасында әртүрлі режимде басқару жүйесін модельдеу.

күзiреттер - электр тізбектердің математикалық моделін құру; MatchCAD жүйесін қолдану арқылы компьютерде математикалық есептеулер жүргізу; математикалық талдаудың негізгі түсініктері мен әдістерін білу; электр тізбектер теориясының негізін; Фурье және Лаплас түрленуін; дербес компьютерлердегі жұмыс технологиясын.

Кафедра: Электр машиналары және электр жетегі.

АВТОМАТТЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II), Физика 1.

Кейінгі деректемелер: Электр аппараттары және өлшеу құралдары (Коммутациялық аппараттар және электр шамаларын өлшеу), Жоғары кернеулер техникасы, (Жоғарғы кернеулі электр қондырғылар және электр жабдықтар оқшаулауламалары), Электр машиналары, Электр стансалары, (Электр стансалардағы негізгі және қосымша қондырғылары), Электр тораптары мен жүйелері, (Электр энергияны жеткізу), Электрмен жабдықтау, Электр энергетикалық жүйелердің релелік қорғанысының негіздері, (Релелік қорғаныстың элементтік базасы).

Оқытудың мақсаты: автоматты басқару жүйесін құру әдістерін және оларды математикалық сипаттау әдістерін меңгеру, сызықты жүйенің тұрақтылығын және оларды түзету әдістерін меңгеру, автоматты басқарудың сызықтық жүйесі туралы түсінік.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): автоматты басқару жүйесін құру принциптері, элементтер мен жүйелерді математикалық сипаттау, сызықтық жүйелерді талдау, динамикалық жүйелердің тұрақтылығын зерттеу, автоматты басқару жүйесінде өтпелі процестердің сапасын бағалау.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - АБЖ автоматты реттегішін құрудың негізгі принциптерін, АБЖ құрылымдық сұлбасын құру принциптерін және оларды түрлендіру әдістерін; АБЖ операторлық теңдеулерін құру әдістемесін; динамикалық түйіннің жиілікті сипаттамасын құру әдістемесін; АБЖ-де басқару процесі сапасының көрсеткіштерін анықтау әдістемесін; АБЖ-ін түзету әдістері; сызықтық емес АБЖ-ін есептеудің негізгі әдістері мен мүмкін болатын сызықтық емес түрлері.

істей алу керек - тұйықталған АБЖ құрылымдық сұлбаларын құру мен түрлендіруді; АБЖ негізгі параметрлері мен элементтерін есептеу жүргізуді; сызықтық АБЖ тұрақтылығын анықтау бойынша есептеулерді іске асыруды; MATLAB ортасында сызықтық АБЖ тұрақтылығын зерттеуді; түзеткіш құрылғылардың параметрлері мен сипаттамаларын есептеуді; АБЖ қалаулы

логарифмдік жиілікті сипаттамаларын құруды; MATLAB ортасында АБЖ моделінде түзетудің тиімділігін тексеруді; АБЖ өтпелі процестерді талдауды.

дағдылары - қазіргі бағдарламалық құралдарды қолдана отырып, уақыт және жиілік аумағында автоматты басқару жүйесін аналитикалық талдау; MATLAB ортасында әртүрлі режимде басқару жүйесін модельдеу.

күзiреттер - электр механикалық жүйелер координатасын өлшеудің негізгі әдістерін қолдану, уақыт және жиілік аумағында АБЖ талдаудың негізгі әдістері; АБЖ синтездеу әдістері; АБЖ-нің және объектінің математикалық моделін құру, статикалық және динамикалық сипаттамаларын бағалау және талдау; АБЖ сапалық көрсеткіштерін есептеу; оқу, зерттеу, шешім қабылдау, түрлі экономикалық, технологиялық және техникалық объектілердің талапқа сай жұмыс істеу сапасын қамтамасыз ететін, басқару құралдарын жобалау мен өңдеу бойынша әрекет пен шығармашылық үдерісте жүйелік ойлау дағдысын меңгеру; басқару мәселелерін рәсімдеу технологиясын, басқару жүйесін аналитикалық және компьютерлік талдау мен синтездеу технологиясын меңгеру, практикалық мәселелерді шешуде оңтайландыру әдістерін қолдану.

Кафедра: Электр машиналары және электр жетегі.

ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II), Электр машиналары.

Кейінгі деректемелер: Электр жетегі, (Электрмеханикалық энергияны түрлендіргіштер), Электр стансалар (Электр стансалардағы негізгі және қосымша қондырғылары), Электр тораптары мен жүйелері (Электр энергиясын жеткізу), Электрмен жабдықтау, Дәстүрлі емес және жаңғыртылатын энергия көздері электр қондырғыларының теориялық негіздері, Жаңғыртылатын энергия көздері ресурстарын кешенді бағалау, Жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалана отырып шағын энергиямен жабдықтау жүйелерін жобалау, Жаңғыртылатын энергия көздерінің электр жабдықтарын монтаждау, жөндеу және пайдалану.

Оқытудың мақсаты: энерго- және қор үнемдеу мәселелерін шешуді қамтамасыз ететін, мемлекеттік және автономды электрмен жабдықтау жүйенің энергетикалық процестерінде жаңғыртылатын және дәстүрлі емес қорларын қолдану ғылыми-техникалық негіздері жүйесі білімін қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): жаңғыртылатын энергия көздерін талдау және мемлекет пен өңірлердің ортақ энергобалансында қолдану, қалдықтық энергетикалық қорларды қолдану мен дәстүрлі емес және жаңғыртылатын энергия көздерін қолданудың технико-экономикалық көрсеткіштерінің, экологиялық жағдайдың жақсаруы.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - ЖЭК (жаңғыртылатын энергия көздерін) түрлендіретін жүйелерді, қондырғыларды, механизмдер мен әдістерді; ауыл шаруашылығында алынған энергияны рационалды қолдануды; ЖЭК негізіндегі электр қондырғыларды

рационалды қолдану мүмкіндігін іске асыру салаларын, негізгі техникалық мүмкіндіктерін, жұмыс принципін, құрылымын.

істей алу керек - өндірісте ЖЭК және ҚЭҚ технологиялары мен әдістерін қолдану бойынша практикалық мәселелерін тұжырымдауды, ЖЭК негізіндегі электр қондырғыларды таңдау және практикалық есептеулерді жүргізуді, ЖЭК және ҚЭҚ қондырғыларын пайдалану бойынша техникалық және ұйымдастыру іс-шараларды өңдеуді.

дағдылары - күн және жел энергиясын жылу мен электр энергиясының көзі ретінде қолдану.

күзіреттер – ЖЭК-мен жұмыс істей білу; айнымалы және тұрақты ток қондырғыларымен жұмыс істей білу; дәстүрлі және дәстүрлі емес энергетиканың параллель жұмысының мүмкіндігін ұйымдастыруды білу.

Кафедра: Электрмен жабдықтау және энергияның жаңғыртылатын көздері.

АЛЬТЕРНАТИВТІ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУШІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II), Электр машиналары.

Кейінгі деректемелер: Электр жетегі, (Электрмеханикалық энергияны түрлендіргіштер), Электр стансалар (Электр стансалардағы негізгі және қосымша қондырғылары), Электр тораптары мен жүйелері (Электр энергиясын жеткізу), Электрмен жабдықтау, Дәстүрлі емес және жаңғыртылатын энергия көздері электр қондырғыларының теориялық негіздері, Жаңғыртылатын энергия көздері ресурстарын кешенді бағалау, Жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалана отырып шағын энергиямен жабдықтау жүйелерін жобалау, Жаңғыртылатын энергия көздерінің электр жабдықтарын монтаждау, жөндеу және пайдалану.

Оқытудың мақсаты: энергия және ресурс үнемдеу мәселелерін шешуді қамтамасыз ететін, энергетикалық үрдістерде мемлекеттік және автономдық электрмен жабдықтау жүйесінің жаңғыртылатын энергия көздерін қолданудың ғылыми-техникалық негіздерінен білім жүйесін қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): жаңғыртылатын энергия көздерін талдау және мемлекет пен өңірлердің ортақ энергобалансында қолдану, қалдықтық энергетикалық қорларды қолдану мен дәстүрлі емес және жаңғыртылатын энергия көздерін қолданудың технико-экономикалық көрсеткіштерінің, экологиялық жағдайдың жақсаруы.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - ЖЭК (жаңғыртылатын энергия көздерін) түрлендіретін жүйелерді, қондырғыларды, механизмдер мен әдістерді; ауыл шаруашылығында алынған энергияны рационалды қолдануды; ЖЭК негізіндегі электр қондырғыларды рационалды қолдану мүмкіндігін іске асыру салаларын, негізгі техникалық мүмкіндіктерін, жұмыс принципін, құрылымын.

істей алу керек - өндірісте ЖЭК және ҚЭК технологиялары мен әдістерін қолдану бойынша практикалық мәселелерін тұжырымдауды, ЖЭК негізіндегі электр қондырғыларды таңдау және практикалық есептеулерді жүргізуді, ЖЭК және ҚЭК қондырғыларын пайдалану бойынша техникалық және ұйымдастыру іс-шараларды өңдеуді.

дағдылары – альтернативті энергия көздерін пайдалану, дәстүрлі емес энергияның түрлерін пайдалану.

күзіреттер – альтернативті (дәстүрлі емес) және дәстүрлі энергетиканың параллель жұмысының мүмкіндігін ұйымдастыруды білу, ЖЭК негізіндегі электр қондырғыларын тәжірибелік есептеу әдістерін және таңдауды білу.

Кафедра: Электрмен жабдықтау және энергияның жаңғыртылатын көздері.

ЭЛЕКТР ТІЗБЕКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ӨРІСІН ТАЛДАУ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректер: Электрлік машиналар, Электрмен жабдықтау.

Оқытудың мақсаты: сапалы және сандық түрде электр тізбегіндегі өтпелі кезеңдер мен төртұштықтар және жиілікті электр сүзгілер мен қатар таратылған көрсеткіштері бар тізбектер мен сызықты емес тізбектер сондай ақ электромагнитті өріс теориясын оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): Ауыл шаруашылығының энергиямен қамтамасыздандырылуы мамандығы үшін бакалаврларды дайындау базалық курс болып табылады. ЭТЖЭӨТ курсына электр тізбектерінің өтпелі үдерістерінде тағайындалған сапалық, сандық жағынан және магнит тізбектерін, сондай-ақ электромагнит өріс теориясын оқып үйрену.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - төртұштықтар теориясы, жиілікті электр сүзгілері мен ұзын желілер, магнит тізбегінің заңдары, электр магнит өрісінің негізгі теңдеулері және сызықты электр тізбегіндегі өтпелі кезеңдерді сандық және сапалы жағынан талдауына жағдай туғызып негізгі заңдарын қарастыру.

істей алу керек – сызықты тізбектердегі өтпелі кезеңдерді бір немесе екі энергия жинақтаушылармен есептеу; әртүрлі жұмыс режимі кезіндегі төртұштықтардың шамаларын анықтау;

дағдылары - жиілікті сүзгілердің шамаларын таңдау, белгілі бір жиіліктегі сигналдарды өткізуге немесе таралуға жағдай туғызу, ұзын желідегі энергияның таралуын талдап, тапсырмаларды есептеу.

күзірет: кәсіптік қызметтегі білім алу және білім алуды үйрену.

Кафедра: Электротехника

СЫЗЫҚТЫ ЕМЕС ТІЗБЕКТЕРДІ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ӨРІСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректер: Электрлік машиналар, Электрмен жабдықтау.

Оқытудың мақсаты: электр энергетика бойынша мамандардың ғылыми ой-өрісін қалыптастыру үшін, электр магнитті өріс теориясын, үш фазалы және сызықты емес, бейсинусоидалды ток тізбектерін сапалық және сандық жақтарын оқып білу.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): үш фазалы және сызықты емес, бейсинусоидалды ток тізбектерін, сонымен қатар электр магнитті өріс теориясын оқу.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - электромагниттік өрістерді есептеу әдістерін, үш фазалы және сызықты емес, бейсинусоидалды ток тізбегін есептеуге арналған негізгі формулалар мен сұлбаларды.

істей алу керек - электр магнитті өріс теориясын, үш фазалы және сызықты емес, бейсинусоидалды ток тізбегін есептеу үшін теориялық мәліметтерді қолдануды, эксперименттің нәтижесін талдауды, компьютерді қолдана отырып электр сұлбаларды модельдеуді, эксперименттер жүргізуді, өлшеуіш аспаптармен жұмыс жасауды, алынған нәтижелерді өңдеу мен есептеуді.

дағдылары - түрлі есептеу әдістерін қолдана отырып, электр энергетика бойынша инженерлік мәселелерді шешу.

күзіреттер - кәсіптік қызметтегі білім алу және білім алуды үйрену, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді дамыту және жаңа өзгерістерді талап ететін жаңа технологияларды дамытуға мүмкіндік беру..

Кафедра: Электротехника

№ п/п	Циклы	Пәннің цифрлік коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны
3-курс					
1	БП (ТК)	3207	Электр энергетикадағы компьютерлік тораптық технологиялар	5	5
		3207	Электр энергетикадағы компьютерлік жүйелердің интерфейстері		
2	БП (ТК)	3208	Сандық техника негіздері	5	5
		3208	Микропроцессорлық техника негіздері		
3	БП (ТК)	3226	Электр аппараттары және өлшеу құралдары	5	5
		3226	Коммутациялық аппараттар және электр шамаларын өлшеу		
4	БП (ТК)	3222	Электрлік стансалар	5	3
		3222	Электр стансалардағы негізгі және қосымша қондырғылары		
5	БП (ТК)	3220	Электр жетегі	6	5
		3220	Электрмеханикалық энергияны түрлендіргіштер		
6	БП (ТК)	3223	Электр тораптары мен жүйелері	6	5
		3223	Электр энергияны жеткізу		
7	БП (ТК)	3224	Электр энергетикалық жүйелердің релелік қорғанысының негіздері	6	5
		3224	Релелік қорғаныстың элементтік базасы		
8	КП (ТК)	3303	Жоғарғы кернеулер техникасы	6	5
		3303	Жоғарғы кернеулі электр қондырғылар және электр жабдықтар оқшауламалары		

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАДАҒЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ТОРАПТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Автоматтандырылған электр жетегінің элементтері, Электр энергетикалық жүйенің релелік қорғанысының негіздері (Релелік қорғаныстың элементтік базасы), Электрмен жабдықтау.

Оқытудың мақсаты: компьютер желісінің негіздерін оқыту, қазіргі заманғы локалды жүйелер технологияларын меңгеру және оларды қолдау әдістерін меңгеру.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): есептеу жүйелерін тұрғызу тұжырымдамасы, деректерді беру физикалық ортасында желілік орналастыру бойынша білімдерді қалыптастыру, желілік құрылым туралы және басқару жүйелерінде желінің жұмысы туралы түсінік беру.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек – компьютер желілерін тұрғызу қағидаларын; желілік құрылымдардың негізгі түрлерін; компьютер желілерінің негізгі топологиясын және аппаратты компоненттерін; деректерді беру ортасына қол жеткізу әдістерін; локалды желілердің негізгі технологиясын.

істей алу керек - топология, желі технологиясы және сәйкес желі құрылғыларын таңдау; орнатылған желіні конфигурациялау; желіні бағдарламалы әдістермен қорғауды қолдану.

дағдылары – желіні басқару; желідегі басқару және тіркеу моделдерін құру; желіге қосылған компьютерлерді конфигурациялау.

қүзіреттер – желілік технологиялар үшін бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істей алу.

Кафедра: Электроника және робототехника

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАДАҒЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ИНТЕРФЕЙСТЕРІ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Автоматтандырылған электр жетегінің элементтері, Электр энергетикалық жүйенің релелік қорғанысының негіздері (Релелік қорғаныстың элементтік базасы), Электрмен жабдықтау.

Оқытудың мақсаты: микропроцессорлық жүйелердің (МПЖ) архитектурасы, шина бойынша ақпарат алмасу процестері, процессор функциясы, мекенжай (адресі) әдістері, процессордың негізгі командалары, процессор ядросының құрылымы, бағдарламалардың жадын ұйымдастыру, кіріс/шығыс порттарын ұйымдастыру, таймерлер және қосымша аппараттық құрылғылар бойынша жалпы білімді меңгеру.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): микропроцессорлық жүйелердің (МПЖ) архитектурасы, шина бойынша ақпарат алмасу процестері, процессор функциясы, мекенжай (адресі) әдістері, процессордың негізгі командалары, процессор ядросының құрылымы, бағдарламалардың жадын ұйымдастыру, кіріс/шығыс порттарын ұйымдастыру, таймерлер және қосымша аппараттық құрылғыларды оқыту, Ассемблердің негізгі командалары, электр энергетикалық жүйелерде процестерді басқарумен байланысты тапсырмаларды бағдарламалау дағдыларын игеру.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек – МПЖ-ді конструкциялау және функцияландыру принциптерін, микропроцессорлардың әрекет ету принциптерін.

істей алу керек - микропроцессорларды таңдау, Microchip фирмасының микроконтроллерлерін Ассемблер бағдарламалау тілінде бағдарлама құру, MPLAB ортасында бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істеу.

дағдылары – процестерді және өндірісті басқарудың қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдерін қолдану және конструкциялау; құрылымдық микропроцессорлық құрылғылардың қазіргі заманғы түрлерімен жұмыс істеу.

күзіреттер – релелік қорғаныс параметрлерін орнатуды есептей алу; желілік технологиялар үшін бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істей алу.

Кафедра: Электроника және робототехника

САНДЫҚ ТЕХНИКА НЕГІЗДЕРІ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Электр жетегі, (Электрмеханикалық энергияны түрлендіргіштер), Электр тораптары мен жүйелері, (Электр энергияны жеткізу), Электр энергетикалық жүйелердің релелік қорғанысының негіздері, (Релелік қорғаныстың элементтік базасы), Электрмен жабдықтау.

Оқытудың мақсаты: сандық техникасы (СТ) негіздері бойынша жалпы білімді меңгеру, МП-да логикалық операцияларды, электр энергетикалық және технологиялық басқарудың қарапайым тапсырмаларын Ассемблерде бағдарламалау.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): микропроцессорлық құралдар туралы негізгі мәліметтер; микропроцессорлардың жұмыс принциптері; микропроцессорлардың интерфейсі; Ассемблер бағдарламалау тілінде Microchip фирмасының микропроцессорларын бағдарламалау негіздері, MPLAB бағдарламалық жасақтамасы, МП жүйесін құрастыру дағдысын алу, бағдарламалық-техникалық өнімдерін қолдану.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - микропроцессорлық жүйелердің жұмыс істеу және құрастыру принциптерін; микропроцессорлардың жұмыс принциптерін.

істей алу керек - микропроцессорларды таңдауды; Ассемблер бағдарламалау тілінде Microchip фирмасының микропроцессорларын бағдарламалауды; MPLAB бағдарламалық жасақтамада жұмыс істеу.

дағдылары - өндіріс пен процестерді басқаратын қазіргі бағдарламалық өнімдерді қолдану және құрастыру; қазіргі заманға сай құрылымдық микропроцессорлық құрылғылармен жұмыс істеу.

күзіреттер – электр энергетикасында сандық техниканы бағдарламалауды білу.

Кафедра: Электрмен жабдықтау және энергияның жаңғыртылатын көздері.

МИКРОПРОЦЕССОРЛЫҚ ТЕХНИКА НЕГІЗДЕРІ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Электр жетегі (Электрмеханикалық энергияны түрлендіргіштер), Электр тораптары мен жүйелері (Электр энергияны жеткізу), Электр энергетикалық жүйелердің релелік қорғанысының негіздері (Релелік қорғаныстың элементтік базасы), Электрмен жабдықтау.

Оқытудың мақсаты: микропроцессорлық жүйелердің (МПЖ) архитектурасы, шина бойынша ақпарат алмасу процестері, процессор функциясы, мекенжай (адресі) әдістері, процессордың негізгі командалары, процессор ядросының құрылымы, бағдарламалардың жадын ұйымдастыру, кіріс/шығыс порттарын ұйымдастыру, таймерлер және қосымша аппараттық құрылғылар бойынша жалпы білімді меңгеру.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): микропроцессорлық жүйелердің бағдарламалық-техникалық кешендерін жобалау және қолдану. Микропроцессорлық құралдар туралы ақпарат алу; микропроцессорлардың жұмыс принциптері; микропроцессорлық интерфейс; Ассемблер бағдарламалау тілінде Microchip фирмасының контроллерлерін бағдарламалау негіздері.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - микропроцессорлық жүйелердің бағдарламалық-техникалық құралдарының жұмыс істеу және құрастыру принциптерін.

істей алу керек - электр энергетика объектілерінде жабық архитектураның бағдарламаланатын логикалық контроллерлерін жобалау және қолдануды.

дағдылары - процестерді басқарудың қазіргі бағдарламалық-техникалық өнімдерін қолдану, МП жүйелерін құрастыру, бағдарламалық-техникалық өнімдерді қолдану, Scada пакеті көмегімен сигналдарды визуалдау.

күзиреттер – әртүрлі бағдарламалау тілдерінде әртүрлі типті микроконтроллерлерде бағдарлама құруды білу.

Кафедра: Электрмен жабдықтау және энергияның жаңғыртылатын көздері.

ЭЛЕКТР АППАРАТТАРЫ ЖӘНЕ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Физика, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Электр жетегі (Электрмеханикалық энергияны түрлендіргіштер), Электр тораптары мен жүйелері (Электр энергияны жеткізу), Электр энергетикалық жүйелердің релелік қорғанысының негіздері (Релелік қорғаныстың элементтік базасы), Электрмен жабдықтау (Электр энергияның тұтынушылары және олардың қоректену жүйелері).

Оқытудың мақсаты: электр аппараттарының теориялық негіздері мен оны орналастыру, қолдану саласы, сипаттамалары мен параметрлері, жұмыс істеу принциптері, пайдалану шарттары бойынша базалық білімді меңгеру.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): электр аппараттарының жалпы теориясы, оқып отырған процестерді физикалық тұрғыдан түсіндіру, олардың математикалық

түрде көрсету, компьютерлік модельдеу үшін заманауи математикалық пакеттерді қолдану, өндірісте кең таралған төмен және жоғары кернеулі электрлік аппараттардың құрылымдары.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек – дифференциалды теңдеулерді шешу әдістерін; электр техника заңдарын; жартылай өткізгіш аспаптардың жұмысының физикалық негіздерін; материалдардың қасиеттерін.

істей алу керек - материалдардың қасиеттерін білу; электр тізбектеріндегі физикалық процестерді талдау және сипаттау; нақты шарттарда электр аппараттарының типін таңдау мен тиімділігін бағалау, электр аппараттарын қарапайым сынақтардан өздігінен жүргізуді, электр аппараттарын таңдау және параметрлерін алдын ала есептеу жүргізуді.

дағдылары – электрлік сұлбалар үшін ток және кернеуді есептеу; техникалық объектілердің сипаттамаларын тәжірибелік зерттеу; электр аппаратының топтастырылуын.

күзіреттер - өндірісті автоматты басқару жүйесін, телемеханизация мен технологиялық процестерді автоматтандыруды, механизацияның кешенді құралдарын, технологияларды, жаңа техниканы еңгізу жоспарларын өндеу үшін материалдарды дайындауға қатысу.

Кафедра: Электрмен жабдықтау және энергияның жаңғыртылатын көздері.

КОММУТАЦИЯЛЫҚ АППАРАТАРЫ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ШАМАЛАРЫН ӨЛШЕУ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Физика, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Электр жетегі (Электрмеханикалық энергияны түрлендіргіштер), Электр тораптары мен жүйелері (Электр энергияны жеткізу), Электр энергетикалық жүйелердің релелік қорғанысының негіздері (Релелік қорғаныстың элементтік базасы), Электрмен жабдықтау (Электр энергияның тұтынушылары және олардың қоректену жүйелері).

Оқытудың мақсаты: станса мен қосалқы стансаларда және таратушы құрылғыларда қолданылатын электр жабдығы туралы базалық білімді меңгеру, олардың құрылымын, қолдану саласын, сипаттамалары мен параметрлерін, жұмыс принциптерін, пайдалану шарттарын.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): қосалқы стансаның АТҚ (ашық тарату құрылғыларында) және ЖТҚ (жабық тарату құрылғыларында), сонымен қатар өндірістік мекемелердің цехтік электр жабдықтарының шкафтарында және қалқандарында орнатылатын төмен және жоғары кернеулі жабдықтардың құрылым мен жұмыс принциптері, аппарат контактілері ажырауы кезінде пайда болатын электрлік доғаны сөндіретін құралдар мен тәсілдер.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - электр аппараттарын, түрлі электр аппараттарының құралдары мен құрылымының ерекшеліктерін, олардың жұмыс принциптерін, электр аппараттардың негізгі параметрлері мен сипаттамаларын.

істей алу керек - электр тізбектеріндегі физикалық процестерді талдау және сипаттау; нақты шарттарда электр аппараттарының типін таңдау мен тиімділігін бағалау, электр аппараттарын қарапайым сынақтардан өздігінен жүргізуді, электр аппараттарын таңдау және параметрлерін алдын ала есептеу жүргізуді.

дағдылары - электр аппаратының топтастырылуын; түрлі электр аппараттарын қолдану, электр энергиясын тарату энео тиімділігін және сапасын жоғарлату, өнімділігін жоғарлату, пайдалануға кететін шығындарды төмендету және электрмен жабдықтаудың үздіксіздігін жақсарту.

күзіреттер - кәсіптік қызметі саласында ғылым мен техниканың алдыңғы шегіндегі терең практикалық және теориялық білімді қолдану қабілеттілігі.

Кафедра: Электрмен жабдықтау және энергияның жаңғыртылатын көздері.

ЭЛЕКТР СТАНСАЛАР

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Физика, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Электр жетегі (Электрмеханикалық энергияны түрлендіргіш), Электр тораптары мен жүйелері (Электр энергияны жеткізу), Электр энергетикалық жүйелердің релелік қорғанысының негіздері (Релелік қорғаныстың элементтік базасы), Электрмен жабдықтау (Электр энергияның тұтынушылары және олардың қоректену жүйелері).

Оқытудың мақсаты: электр стансалары мен қосалқы стансалардың электр жабдықтарының жұмыс режимдерімен, синхронды генераторлардың қоздыру жүйелерімен, трансформаторлар мен автотрансформаторлардың жұмыс режимдерімен, қысқа тұйықталу токтарын есептеу әдістерімен, электр стансалары мен қосалқы стансалардың негізгі жабдықтарын таңдау және сынаумен танысу.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): электр қондырғылардағы бейтараптаамалардың жұмыс режимдері, синхронды генераторлардың қозуы, синхронды генераторлар мен трансформаторлардағы кернеуді реттеу жүйелері, трансформаторлар мен автотрансформаторлардың негізгі жұмыс режимдері, электр қондырғылардағы қысқа тұйықталулар, электр стансалар мен қосалқы станциялардағы өлшеу жүйелері, тарату құрылғылардың сұлбалары, электр стансалар мен қосалқы стансалардың өзіндік мұқтаждығы, электр қондырғыларындағы жерлендіргіш құрылғылар.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - электр стансалар мен қосалқы стансалардың электр қондырғыларын; синхронды генераторлардағы қозу жүйесін; генератордағы қозуды автоматты реттеу және автоматты өрісті сөндіруін; трансформаторлар мен автотрансформаторлардың жұмыс режимдерін; қысқа тұйықталу токтарын есептеу ретін, әдісі мен тағайындалуын; электр стансалары мен қосалқы стансалардағы жабдықтарды таңдау

шарттарын; өлшеу аспаптарды орнату орынымен көлемін; таратушы құрылғылардағы жабдықтардың құрамын; электр стансалары мен қосалқы стансалардың өзіндік мұқтаждық тұтынушыларын; жерлендіргіш құрылғылардың тағайындалуын.

істей алуы керек - станса мен қосалқы стансаның жабдықтарын таңдау мен тексеру, электр стансаның құрылымдық сұлбасын құру, күштік трансформаторларды таңдау, қысқа тұйықталу токтарын есептеу; электр стансаның және қосалқы стансаның өзіндік мұқтаждық құрылғыларын, таратушы құрылғылардың сұлбасын құру және оқи білуді.

дағдылары - ЭЕМ-да бағдарламалар көмегімен қысқа тұйықталу токтарын есептеу, электр стансалары мен қосалқы стансалардың отандық және шет елдік өндіруші жабдықтарын таңдау.

күзіреттер - электр станцияларының және қосалқы станциялардың электр жабдықтарының жұмыс режимдерін, синхронды генераторларды қоздыру жүйелерін, трансформаторлар мен автотрансформаторлардың жұмыс режимдерін білу.

Кафедра: Электр станциялары және электр энергетикалық жүйелері

ЭЛЕКТР СТАНСАЛАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Физика, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II)

Кейінгі деректемелер: Электр жетегі (Электрмеханикалық энергияны түрлендіргіш), Электр тораптары мен жүйелері (Электр энергияны жеткізу), Электр энергетикалық жүйелердің релелік қорғанысының негіздері (Релелік қорғаныстың элементтік базасы), Электрмен жабдықтау (Электр энергияның тұтынушылары және олардың қоректену жүйелері).

Оқытудың мақсаты: ҚАР мен автоматты өрісті сөндіруі бар синхронды генераторлардың қоздыру жүйесімен, автотрансформаторлардың жұмыс режимдерімен, қысқа тұйықталу токтарын есептеу әдістерімен, электр стансалары мен қосалқы стансалардың негізгі жабдықтарын таңдау мен тексерумен, электр стансалары мен қосалқы стансалардың сұлбаларымен танысу.

қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): синхронды генератордың қозу жүйесі; ӨАС және ҚАР; трансформаторлар мен автотрансформаторлардың жұмыс режимдері, электр қондырғылардағы қысқа тұйықталу; электр стансалары мен қосалқы стансалардың жабдықтарын таңдау; ток өткізгіштер мен қарымталаушы жабдықтар, ток және кернеу өлшеу трансформаторлары; электр стансалар мен қосалқы стансалардың сұлбалары; өзіндік мұқтаждық тұтынушылары; электр стансалар мен қосалқы стансалардағы сигнал беру және блокқа қою.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - синхронды генераторлардағы қозу жүйесін; генератордағы қозуды автоматты реттеу және автоматты өрісті сөндіруін; трансформаторлар мен

автотрансформаторлардың жұмыс режимдерін; қысқа тұйықталу токтарын есептеу ретін, әдісі мен тағайындалуын; электр станциядағы аспаптарды таңдау реті мен тағайындалу шартын; таратушы құрылғылар жабдықтарының құрамын; электр стансалары мен қосалқы стансалардың өзіндік мұқтаждық сұлбаларын; блокқа қою, сигнал беру мен өлшеуді бақылау тізбегін.

істей алу керек - электр стансаның құрылымдық сұлбасын құру, күштік трансформаторларды таңдау, қысқа тұйықталу токтарын есептеу, станса мен қосалқы стансаның жабдықтарын таңдау мен тексеру; электр стансаның және қосалқы стансаның өзіндік мұқтаждық құрылғыларын, таратушы құрылғылардың сұлбасын құру және оқи білу.

дағдылары - электр стансалары мен қосалқы стансалардың отандық және шет елдік өндіруші жабдықтарын таңдау; ЭЕМ-да бағдарламалар көмегімен қысқа тұйықталу токтарын есептеу.

күзiреттер - күрделі электр техникалық жабдықтардың жұмыс принципі және құрылымының ерекшелігін, күштік май трансформаторларының техникалық сипаттамаларын және негізгі параметрлерін, автоматика мен релелік қорғаныс құрылғыларының, асинхронды, синхронды электр қозғалтқыштардың, генераторлардың және тарату құрылғыларының аспаптарын білу.

Кафедра: Электр станциялары және электр энергетикалық жүйелері

ЭЛЕКТР ТОРАПТАРЫ МЕН ЖҮЙЕЛЕРІ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Физика, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Электр тораптары мен жүйелерін монтаждау және жөндеу, Электр тораптары мен жүйелерін жобалау, Электр тораптар мен жүйелердің режимдерін есептеу, Электр тораптар мен жүйелердің электр жабдықтарын пайдалану.

Оқытудың мақсаты: электр тораптары элементтеріндегі энергия және қуат шығынын анықтау әдістерімен, электр энергетикалық жүйенің жұмыс режимдерімен, электр энергия және қуат шығынын төмендету бойынша іс-шаралармен таныстыру.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): электр тораптары элементтеріндегі энергия мен қуат шығынын анықтау әдістері, тұйықталмаған және жәй тұйықталған электрлік тораптардың жұмыс режимдері, электр тораптарындағы кернеуді реттеу және электр энергиясының сапасы, электр тораптарының жобаланатын элементтері, электр энергетикалық жүйенің жұмыс режимдері, сонымен қатар электр энергия және қуат шығынын төмендету шаралары қарастырылады.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - электр тораптары мен жүйелердің режимдерін талдау және есептеуді, жобалау және пайдалану кезінде тиімділік пен сенімділікті, сонымен қатар электр энергия сапасын қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер мен құралдарды.

істей алу керек - орын басу сұлбасын құру, оның параметрлерін анықтау және электр тораптары мен жүйелердің режимдерін есептеу.

дағдылары - режимдерді ЭЕМ-да және дәстүрлі әдіспен есептеу, жерлендіргіш және қосалқы станцияның таратушы құрылғыларын қарастыру.

күзіреттер - электр тораптары элементтеріндегі электр энергиясын және энергия шығындарын анықтау әдістерін, электр энергетикалық жүйелердің жұмыс режимдерін, энергия мен қуат шығындарын төмендету жөніндегі шараларды білу.

Кафедра: Электр станциялары және электр энергетикалық жүйелері

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯНЫ ЖЕТКІЗУ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Физика, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Электр тораптары мен жүйелерін монтаждау және жөндеу, Электр тораптары мен жүйелерін жобалау, Электр тораптар мен жүйелердің режимдерін есептеу, Электр тораптар мен жүйелердің электр жабдықтарын пайдалану.

Оқытудың мақсаты: электр энергетикалық жүйенің жұмыс режимдерімен, электр тораптары элементтеріндегі энергия және қуат шығынын анықтаумен, электр энергия және қуат шығынын төмендету бойынша іс-шаралармен, электр тораптардың жобаланатын элементтерімен танысу.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): электр тораптарының жұмыс режимдері, электр тораптарының жұмыс режимін оңтайландыру, электр тораптары элементтеріндегі энергия мен қуат шығынын анықтау әдістері, сонымен қатар электр тораптары элементтеріндегі энергия мен қуат шығынын төмендету бойынша іс-шаралар қарастырылады, электр энергия сапасы мен электр тораптарындағы кернеуді реттеу сұрақтары, электр тораптарының жобаланатын элементтері, электр энергетикалық жүйенің жұмыс режимдері.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - электр энергияны өндіруді, тарату және тұтыну процесінің физикалық қасиетін, электр тораптары және жүйелерінің орныққан режимін талдау, есептеу және теориясы саласында білімін қалыптастыруды, күрделі электр тораптары мен жүйелердің режимдерін оңтайландыру мен есептеудің заманауи әдістерін анықтап оқуды, сонымен қатар электр энергия шығынын төмендету бойынша іс-шараларды.

істей алу керек - орын басу сұлбасын құру, оның параметрлерін анықтау және электр тораптары мен жүйелердің режимдерін есептеу.

дағдылары - режимдерді ЭЕМ-да және дәстүрлі әдіспен есептеу, жерлендіргіш және қосалқы станцияның таратушы құрылғыларын қарастыру.

күзіреттер - электр жүйелерінің жұмыс режимдерін білу, электр желілерінің элементтеріндегі энергия мен энергия шығынын анықтау.

Кафедра: Электр станциялары және электр энергетикалық жүйелері

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ РЕЛЕЛІК ҚОРҒАНЫСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Қайта деректемелер: Математика 1, Математика 2, Физика, Электр техниканың теориялық негіздері (I), Электр техниканың теориялық негіздері (II).

Кейінгі деректемелер: Электр энергетикалық тораптардың релелік қорғанысы, Микропроцессорлық реле және жоғары кернеулі электр тораптарының қазіргі заманғы қорғау жүйелері, Электр тораптарының релелік қорғанысын жобалау, Электр қондырғыларын жөндеу, реттеу және пайдалану.

Оқытудың мақсаты: электр энергетикалық жүйені релелік қорғау кешенін орындау принциптерін, оны іске асырудың техникалық құралдарын, РҚ құрылғыларының параметрлерін есептеу тәсілдерін және қабылданған шешімдерді бағалауды оқу.

Қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): электр жүйелерінің автоматикасы және релелік қорғау құрылғыларының принциптері, оның сұлбаларын, релелік қорғаныс және автоматика құрылымыларын таңдау және есептеу бойынша инженерлік мәселелерді өзіндік шешу дағдысын алу.

Оқытудың нәтижелері:

білу керек - релелік қорғаныстың элементтік базасын, желінің релелік қорғанысының жұмыс принципін және сұлбасын, трансформаторлардың релелік қорғанысының жұмыс принципін және сұлбасын, релелік қорғаныстың сандық терминалдарының жұмыс принципін.

істей алу керек - релелік қорғаныстың және екіншілік тізбектердің сұлбасын оқи алу, негізгі және қосымша релелік қорғаныстың тағайынын есептеу, сандық терминалдарды параметрлеуді жүргізу.

дағдылары - қысқа тұйықталу тоқтарын есептеу үшін компьютерлік бағдарламаларды пайдалану.

күзіреттер – энергетикалық объектінің релелік қорғанысы және автоматикасын орындаудың мүмкін нұсқауларын анықтау; энергетикалық объектілердің элементтерінің релелік қорғанысының әрекет ету параметрлерін анықтау.

Кафедра: Электрмен жабдықтау және энергияның жаңғыртылатын көздері.

РЕЛЕЛІК ҚОРҒАНЫСТЫҢ ЭЛЕМЕНТТІК БАЗАСЫ

